

Махамбет атындағы орта мектеп бойынша 1-4 сынып оқушылары мен аз қамтылған отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтылуын қадағалау жөнінде құрылған комиссияның кезекті мәжілісі

### Хаттама №1

8 қаңтар 2024 жылы

Мәжіліске қатысқан:

1. Г. Ногайбаева - мектеп директоры, комиссия төрағасы,;
  2. Ж. Рысбаева - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
  3. Д. Қапашев – Жарсуат ауылдық округі аппаратының бас маманы, комиссия мүшесі;
  4. Б. Байтілеуов – кәсіподақ комитетінің төрағасы, комиссия мүшесі;
  5. А. Жанатова - медбике, комиссия мүшесі;
  6. А. Осихина - ата-аналар комитетінің төрағасы, комиссия мүшесі;
  7. Қ. Тулепкалиева – бас есепші, комиссия мүшесі;
- және қызмет көрсетуші ЖК «Мырзахметова У.Л.», технолог маманы қатысты.

### Күн тәртібінде:

Мектеп бойынша 2024 жылында бастауыш сынып (1-4) оқушылары мен әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтуды мектеп асханасын жалға алып отырған ЖК «Мырзахметова У. Л.» мен жұмысты жалғастыруға келісім жасау туралы (хабарламашы-Г. Ногайбаева).

### Тыңдалды:

Комиссия мүшелері қатынасқан жиналыста мектеп директоры Г. Ногайбаева сөз сөйлеп, онда мектеп бойынша 2022 және 2023 жылдары мектеп асханасы арқылы ыстық тамақпен қамтамасыз етіп келген ЖК «Мырзахметова У.Л.» жұмысын одан әрі балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 390 бұйрығының қосымшасымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы ережесінің 80 – ші бабына сәйкес «Егер өнім беруші мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесіне енгізілмеген жағдайда, шарт тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және Қызмет көрсету туралы, Тауарларды жеткізу туралы үлгілік шарттарда көзделген бұзушылықтар болмаған жағдайда, өнім беруші шартты тікелей жасасу жолымен келесі қаржы жылдарына екі рет ұзартылады» қағидасын басшылыққа алып, 2024 жылға жалғастыруға болатындығын жеткізді.

### Сөйлеу:

**Ж. Рысбаева** - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Осы мерзімі ішінде қызмет көрсетуші ЖК «Мырзахметова У.Л.» тарапынан келісім шарт бойынша тәртіп бұзушылық болған жоқ. Биылғы бөлінген қаржының тапшылығына байланысты

аз қамтылған оқушылар саны 20. Қажетті азық – түлік өнімдері жарамды, сапалы күйінде жеткізіліп, ыстық тағамдар білім алушыларға тиісті нормаға сай уақытылы ұсынылып келді, сондықтан ЖК «Мырзахметова У.Л.» қызметінің 2024 жылына ұзартылуын толық мақұлдаймын.

**А. Жанатова - мектеп медбикесі.** Асхананың ас дайындау, ас ұсыну, бөлмелері санитарлық талапқа сай жабдықталған, ас мәзірі тиісті нормаға сай, күнделікті тамақ өнімдерінен сынама алынып, қадағаланып отыр. Кәсіпкердің қызметін жалғастыруға келісемін.

**Қ. Тулепқалиева – бас есепші.** Күні бүгінге дейін бір балаға ыстық тамақ үшін 1 күнге 600 теңге есептеліп келді, бұл баға осы күйде қалады. Жалпы кәсіпкер тарапынан қаржылық операцияларды жүргізуде, қаржыны уақытылы игеруде кідіріс жоқ, заң талаптарына сай жүзеге асуда.

**У. Мырзахметова – жеке кәсіпкер,** осыған дейін де бірнеше білім беру мекемелеріндегі оқушыларды ыстық тамақпен қамту саласында ұзақ жыл еңбек етіп тәжірибе жинақтап, қазірде технолог, диетолог мамандармен толығып, жұмысты жасауға толық мүмкіндік барын, ұсынылған қолданыстағы (600 теңге) бағаға келісіп, жалғастыруға келісетіндіктерін білдірді.

**Мәжіліс күн тәртібіндегі мәселені тыңдап, талқылай келе төмендегіше қаулы етеді:**

1. Келісілген баға 1 балаға 600 (алты жүз) теңге бойынша 2024 жылдың 8 қаңтар – 31 желтоқсан аралығына ЖК «Мырзахметова У.Л.» мен тиісті заңдылыққа сай жұмысты ұзартуға байланысты келісім шарт жасау және бөлінген қаржыны мақсатты, тиімді жұмсалуды қатаң қадағалап, жүзеге асыру бас есепші Қ. Тулепқалиеваға міндеттелсін;
2. Оқушылардың ыстық тамақпен тұрақты қамтылуын, азық-түлік өнімдерінің уақытылы, жарамды күйде жеткізілуін, сапалы дайындалуын, асхана қызметкерлерінің уақытылы қызмет көрсетуін қадағалау және ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімін нақтылау, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Рысбаеваға міндеттелсін;
3. Мектептегі бракераждық комиссияның жұмысына жүйелі бақылауды жүзеге асыру (күн сайын әзірленген дайын тамақтың сапасын, тамақтың дайындалу кезіндегі тазалықтың сақталуы, оның бірқалыпты ыстық күйде болуын, тағамның өлшемі мен дайындалу технологиясының бекітілген ас мәзіріне сай болуы) мектеп медбикесі А. Жанатоваға тапсырылсын;
4. Мектеп оқушыларының күнделекті сабаққа қатынасы мен ыстық тамақпен қамтылуын тексеру, сабақта қатынаспаған, тамақ ішпеген балалардың есебін жүргізіп, арнайы журналға белгі қою әлеуметтік педагог А. Кадирибетоваға жүктелсін.

Г. Ногайбаева - комиссия төрағасы

Ж. Рысбаева - комиссия мүшесі








Д. Қапашев – комиссия мүшесі

Б. Байтілеуов – комиссия мүшесі

А. Жанатова - комиссия мүшесі

А. Осихина - комиссия мүшесі

Қ. Тулепқалиева – комиссия мүшесі

  
\_\_\_\_\_  
  
\_\_\_\_\_  
  
\_\_\_\_\_  
  
\_\_\_\_\_  
  
\_\_\_\_\_  
  
\_\_\_\_\_  
  
\_\_\_\_\_